

Қарашева Ж.Т.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢДАҒЫ Е-НОТАРИАТ ЖҮЙЕСІНІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАЛЫПТАСУ НЕГІЗДЕРІ**

Қарашева Ж.Т.

**ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННОГО
НОТАРИАТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

Zh.T. Karasheva

**THE LEGAL BASIS FOR THE FORMATION OF ELECTRONIC
OF NOTARIES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

УДК:338/005/6.36

Қоғамда болып жатқан әр түрлі әрекеттерді жасаудың завдылығын, объективтілігін қамтамасыз ететін және де осы әрекеттерді жүзеге асыратын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын көптеген құқық қорғау органдары бар. Біздің республикамызда олар: прокуратура органдары, сот, алдын-ала тергеу, анықтау органдары және т.б. Олардың қатарына нотариат органдарын да жатқызуға болады. Бірақ нотариатты бұл органдардан өзгешелеп тұратын өзінің белгілері бар. Басқа құқық қорғау органдары белгілі бір фактілерді анықтап, іздеп, тауып, алып оларды сЪтқа жібереді. Сотта бұл фактілер даулауға жатқызылады. Ал нотариаттың қызметі даусыз, нақты анықталған, іс жүзіндегі фактілерді куәландыру. оларды заңды бекітуді жүргізумен айқындалады.

Нотариус азаматтарға көмек көрсетумен бірге құқық қорғау органдарына да өз септігін тигізеді. Онын куәландырған құжаттары сотта істің мән-жайын ашуға көмектесетін дәлелдеме ретінде бола алады. Қазақстан Республикасындағы нотариат-құқықтар мен фактілерді куәландыруға, сондай-ақ заңда көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйесі. Нотариаттық қызмет-нотариустың және өзге де уәкілетті адамдардың нотариат қызметі туралы заңға сәйкес нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы. Қазақстан Республикасындағы нотариат қызметін 1997-жылы 14 шілдеде қабылданған «Қазақстан Республикасындағы нотариат қызметі туралы» заңмен реттеледі. Нотариалдық органдардың дұрыс жұмысынан азаматтық айналымның нәтижелі қызмет етуі, азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуының эффективтілігі тәуелді. Шарттарды рәсімдеу мен тіркеу, меншіктің түрлі нысандарын жасау және онымен түрлі мәмілелер жасаумен байланысты кәсіпкерлердің мүдделеріне қатысты нарықтық қатынастардың қалыптасуы жағдайында нотариаттың маңыздылығы өсе түсті.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау нотариустың заңмен қарастырылған нотариалдық әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады. Өмірде әрбір азаматта не заңды тұлғада өздерінің құқықтарын қорғауға деген қажеттілік туындап отыратыны хақ. Жеке және

заңды тұлғалардың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың әр түрлі нысандары нормативті түрде бекітілген. Олар: соттық, қоғамдық, әкімшілік т.б. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың тегіне, элеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты және басқа да жағдайларға қарамастан заң мен сот алдында теңдігін бекіте отырып, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы деп белгіленген.[1] Алайда өмірде үнемі өз құқығын қорғау үшін сотқа жалдана беру мүмкін емес. Әрқайсысымыздың апған құқықтарымыз бен жүктелген міндеттеріміздің шынайылығына көз жеткізіп, сенімді болғымыз келеді. Міне, осы қоғамдық қажеттілік өмірге нотариалдық қызметті әкелді. Қазақстан Республикасында азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау сотпен қатар түрлі мемлекеттік органдарға жүктелген. Сол органдардың бірі - нотариат. Нотариат өркениеттің даму барысында қалыптасқан қоғамдық қатынастарды реттейтін ең тараған институт. Оған дәлел ретінде Христофор Колумбтың Американы ашқандығы ең алғашқы әрекеті - нотариалдық әрекет болғандығын келтіруге болады. Қазақстан Республикасындағы нотариаттың қызмет туралы айтпас бұрын нотариат түсінігі мен пайда болу, даму тарихына қысқашатокталып өткенді жөн көріп отырмын. Нотариат латынның нога- белгі деген сөзінен шығады. Ежелгі Римде мәмілелердің жобасын құрастыратын және жазуды жеделдету үлгісін стенографиялық белгілерді қолданатын жазушыларды (писарь) нотариустар деп атаған.[2]. Римде азаматтық айналымның одан әрі дамуына байланысты табельондар институты пайда болып, қазіргі нотариаттық атасы деп саналады. Нотариаттық әрекеттердің Қазақстанда жүзеге асырылып КСРО тарихымен байланыста қарастырамыз. Егеменді Қазақстан Республикасындағы нотариалдық қызметті реттейтін заң 1997 жылы қабылданды. Ол Заңмен Қазақстан Республикасындағы нотариат қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері және нотариаттық іс-әрекеттер мен оларды жасау ережелері реттеледі.

Кұыделікті өмірде азаматтар өзінің конституциялық құқықтарын пайдалана отырып, бір-бірімен не әр түрлі ұйымдармен алуан түрлі қоғамдық қатынастарға түседі. Ол қатынастар шарт жасау жолымен рәсімделеді. Занды және жеке тұлғалардың құқықтары мек мүдделерінің сақталуына кепілдік ретінде мемлекет кейбір шарттардың күші олар қуәландырылғаннан кейін ғана пайда болады деп белгіленген. Қазіргі таңда, бүкіл элем электрондық жүйеге көшкен. Электрондық жүйе өте тиімді. «Бірыңғай нотариалдық мәліметтер жүйесі» (Е-нотариаты) кейіннен Қазақстан Республикасында 2008-2010-ж. «Электрондық үкімет» бағдарламасын дамуына үлкен үлес қосты. Е-нотариаты нотариустардың нотариалдық ісәрекеттердің дұрыс, толық және өз уақытында қалыптасуына көмектеседі. Нотариусқа бару кезінде Е-нотариатын пайдаланған азамат, жасалынатын шарттың шынайы болатындығына сенімді болады. Елбасымыз қалайда елдің компьютерлік сауаттылығын арттырып, электронды саланы дамытуды міндеттеп отыр. Бұл бағытта қарқынды жұмыстар жүріп, нәтижесінде, елдің бұған тез бой үйретіп қалғандығы да байқалады. Қарапайым ғана мысал ретінде күнделікті өмірімізде кездесетін жалақыны банкоматтан алу, жарыққа, телефондарға терминалдар арқылы" төлем төлеу дегендерді айтуға болады, Сол сияқты, «электрондық үкіметтің» қандай да болса қызметі тұтынушыларға қиындық тудырмайды, қайта күн өткен сайын жеңілдеп келеді. Мәселен, былтырғы жылы халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 60 мыңға жуық электронды анықтамалар берілді. Соның нәтижесінде өткен жылы 370514 құқықтар мемлекеттік тіркеуден өтсе, бұл көрсеткіш 2010 жылмен салыстырғанда 6 пайызға артып отыр. Ал, тіркеуден бас тартулар саны 20560, бұл көрсеткіш 2010 жылы - 30007 болатын. Биылдың өзінде тіркеуші органмен 326, халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы 4343-ке жуық электронды анықтамалар берілді. «Жылжымайтын мүлік тіркеліміне» мемлекеттік дерек қорын өзектендіру бағытындағы іс-шаралар жүргізілді. Атаи айтқанда, бүгінгі күнде электрондық базаға ЖСН-і енгізілген тұлғалар саны 99,44 пайызды құрап отыр.

Электрондық қызмет ұсыну саласындағы тағы бір үлкен жетістік, Әділет министрлігімен электрондық түрде лицензиялардың берілуі. Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензияны интернет желісіндегі «Е-лицензиялау» бағдарламасы арқылы кез келген уақытта, кез келген жерден ала алады.[5]

Өткен жылдан бастап некеге тұрушылар өтінішін электрондық қызмет арқылы беруіне болатыны жарияланған болатын. Ол бойынша отау құрушылар еліміздің кай жерінде жүрсе де некеге тұруға өтініш бере алады. Бұл заң күшіне енгеннен бері облысымызда бірнеше жүп некелесу жөнінде өтініштерін электрондық түрде беріп үлгерді. Бұл көрсеткіш уақыт өткен сайын өсе беретініне кәміл сенеміз. - «Неке және отбасы туралы» заң кодексі болып қайта қабылданды, Енгізілген жаңа өзгерістерге сәйкес, азаматтық хал актілерін жазу органдарының талаптары жеңілдетілді делінген болатын.

Бұл салада да көптеген өзгерістер, жеңілдету жолдары қарастырылды. Бұл 2012 жылғы қаңтар айының 8-жұлдызынан қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне бұрынғы азаматтық хал актілерін жазу органдары азаматтық хал актілерін тіркеу органдары болып өзгертілді. Кодекстің басты жаңалығы, неке қиюды мемлекеттік тіркеу некеге отыратын адамдардың тілегі бойынша ел аумағындағы кез келген тіркеуші орманда жүргізіледі. Сонымен қатар, тууды, қайтыс болуды 2 күздің көрсетуімен тіркеу алынып тасталса, тууды тіркеу мерзімі екі айға ұзарды. Қайтыс болуды тіркеу мерзіміне бұрынғыдай шектеужок.

Е-нотариатын пайдаланған нотариустар келесі мүмкіндікті пайдалана алады:

- Нотариалдық іс әрекеттердің орталықтандырылған тіркеу реестрін енгізеді және қажетті құжаттарды сақталуын қамтамасыз етумен қатар жылдам таба алуына;
- Автоматты түрде жеке және заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікті еңізуде мемлекеттік базада толық мәліметтерді алуына және жалған шарттарды болдырмауына тәуекел болуына;
- Мұраға қатысты істерді өсиет қалдырушының бір немесе одан да көп өсиеттерін тексеріп алуына;
- Нотариалдық палатаға жылдық есептерді автоматты түрде ұсынуға;

Қазақстан Республикасында Е-нотариат жүйесі нотариалдық іс әрекеттерді жасау барысында заңсыз әрекеттерді жасауына жол бермеу және экономикалық қылмыстылықтың алдын алуын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, Е-нотариат жүйесі Әділет департаментіндегі қызметкерлерге толық мәліметтерді беруіне көмек жасайды. www.enis.kz (бірыңғай нотариалдық мәліметтер жүйесі) порталында нотариустарға қатысты толық мәліметтерді және нотариалдық іс -әрекеттердің тарифтік қызметтерін анықтап білуіңізге болады. Қазақстан республикасында жеке нотариустар Е-нотариат жүйесіне 95пайызы пайдаланады. 2011 жылдың аяғына дейін барлық нотариустар Е-нотариат жүйесіне көшкен. Соңғы өзгерістер бойынша нотариусқа қойылатын талаптары: Қаңтарда «Нотариат туралы» заңға енгізілген түзетуге байланысты еліміздің нотариаттық қызметіне жаңа тариф енгізілгені белгілі. Бұрын нотариаттық қызметке тариф нотариустармен немесе нотариаттық палатамен белгіленсе, енді қазір ол тікелей заңмен ай-қындалған. Заң арқылы нотариустармен алын атын алымның белгіленуі нотариат саласын ретке келтірудегі тың өзгеріс болды. Өйткені, нақты белгіленген тариф болмағандықтан, нотариаттық қызметтің ақысы республикамыздың әр облысында әртүрлі соманы құрады. Мысалы, Қызылорда қаласында автокөлік жүргізуге сенімхат алу 1000-1500 теңге аралығында болса, осындай қызметі үшін Алматы қаласының нотариустары 2000-3000 теңге көлемінде ақы алатын. Әрине, бұл әділдікке жаппайды. Бір мемлекеттің аумағында тұрғаннан соң, барлық заң, ереже, тәртіп бірдей болғаны абзал. Ал, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар осы

теңсіздікке нүкте қойды. Республика аумағындағы азаматтар үшін нотариаттық қызметке алынатын алым бірдей болып бекітілді. Әрине, Заңмен белгіленгендей жеңілдіктер көрсетілетін тзріғаларды қоспағанда. Яғни, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғалар, 1-ші және 2-ші топ мүгедектері, сондай-ақ, бала кұыінен мүгедектің ата-анасының біреуі, көпбалалы аналар, «Батыр Ана» атағы берілген, «Алтын алка» және «Күмісалка» белгісімен марапатталғандар нотариаттық қызметті тегін алу керек. [5]. Сонымен қатар, жасыбойынша барлық зейнеткерлер жекеменшік нотариуска тарифті мемлекеттік баж көлеміне

сәйкес, едәуір төмен бағамен төлейтін болды.

Әдебиеттер:

1. ҚР Конституциясы 1995-ж. 30 тамыз
2. ҚР Еңбек кодексі 2007-ж. 15 мамыр // 2012-жыл ақпан өзгерістер мен толықтырулар
3. ҚР Нотариаты туралы заңы ///1997ж.14 шілде 2012ж өзгерістер мен толықтырулары
4. ҚРНеке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі 2011-ж. 27 желтоқсан өзгерістер мен толықтырулары
5. ҚР -ң Электрондық Үкіметі ///

Рецензент: д.ю.н. профессор, Турганбаев С.
